

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ	
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті	Тұрақты инвестициялық саясат
		Редакция 1
		1 / 6 бет

БЕКІТІЛДІ

Басқарманың шешімімен

2025 ж. « 03 » Қыркүйек бастап
хаттама № 4

«С.Д. Асфендиярова атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КАҚ Тұрақты инвестициялық саясаты

Жарамдылық мерзімі « <u>3</u> » <u>Қыркүйек</u> 20 <u>25</u> ж. « __ » ____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі « __ » ____ 20__ ж.	Күйі: Күшін жоймаған ✓ Ескірген
Бұрынғы ескірген құжат: Ректордың бұйрығының нөмірі № ____ от « __ » ____ 20__ ж.	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Нұсқа №

Алматы қ.
2025 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ		
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті	Тұрақты инвестициялық саясат	Редакция І 2 / 6 бет

Кіріспе

Осы Тұрақты инвестициялар жөніндегі Саясат (бұдан әрі – Саясат) С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты, әлеуметтік жауапкершілікті және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тұрақты инвестициялардың негізгі қағидаттары мен бағыттарын белгілейді.

Саясат Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стратегиялық құжаттарына негізделеді, мысалы:

- «Білім туралы заң» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы № 103-VIII Заңы;
- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 29.10.2015 жылғы № 375-V ZRK.
- «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 868 қаулысы;
- «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Университет білім беру процесінің, ғылыми-зерттеу қызметі мен клиникалық тәжірибенің үштұтастығын қамтамасыз етеді, ол бірыңғай академиялық денсаулық сақтау ортасының қағидатына сәйкес келеді және құзыреттілігі жоғары мамандарды дайындаудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Университеттің даму мақсаттары контекстінде Саясаттың қабылдануының алғышарттары:

- 1) білімнің, ғылымның және клиникалық тәжірибенің тығыз интеграциясы негізінде мамандарды даярлау сапасын арттыру;
- 2) ғылыми-зерттеу әлеуетін белсенді түрде кеңейту және оны іске асыру негізінде дамыту үшін жағдай жасау;
- 3) мынадай салалардағы қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау: білім, ғылым, клиникалық ғылым және менеджмент;
- 4) қаржылық тұрақты жүйені құру және тиімді басқару және тұрақты даму арқылы университеттің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу.

Саясаттың мақсаты Университеттің тұрақты дамуы үшін тиімді инвестицияларды басқару жүйесін құру болып табылады.

Саясаттың міндеттері:

- білім беру, ғылыми және клиникалық әлеуетті біріктіру;
- ғылыми-зерттеу қызметін және оларды коммерцияландыруды қолдау;
- инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде құрылыс пен жаңғырту;
- студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды инвестициялау.

Саясат мынадай принциптерге негізделеді:

- білім, ғылым және тәжірибенің интеграциясы;
- қаржылық тұрақтылық және бәсекеге қабілеттілік;
- экологиялық жауапкершілік және ресурстарды ұтымды пайдалану;
- білім беру, ғылыми және клиникалық қызметті интернационалдандыру.

Іске асырудың негізгі бағыттары

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ	
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті	Тұрақты инвестициялық саясат
		Редакция 1
		3 / 6 бет

Ғылыми және білім беру интеграциясы

Білім беру және ғылыми тәжірибеге халықаралық стандарттар мен технологияларды белсенді енгізу арқылы жоғары білікті мамандарды даярлау үшін жағдай жасау, университет қызметін интернационалдандыруды қамтамасыз ету

Инфрақұрылымды дамыту

Жатақханаларды, оқу корпустарын, зертханалар мен өзіміздің медициналық ұйымдардың үй-жайларын жаңғырту және жаңадан салу.

Ғылыми қызметке қолдау көрсету

Өртүрлі көздерден ғылыми жобаларды қаржыландыру, оның ішінде университетішілік гранттар. «KAZNMU ENDOWMENT» қорының зерттеу инвестициясы. Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және жаһандық ғылыми бастамаларға қатысу. Жарияланымдарды ынталандыру үшін гранттық қолдау және университетішілік бағдарламалар арқылы студенттерді, ғалымдарды және оқытушыларды ынталандыру. Ғылыми-технологиялық паркті дамыту және кеңейту, инновациялық медициналық жобаларды коммерцияландыру.

Әлеуметтік салаға инвестиция салу

Жастар денсаулық орталығын, психикалық денсаулық орталығын құру, инклюзия бағдарламалары, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Ұлттық-мәдени бастамаларды жүзеге асыру, университет студенттері мен қызметкерлері арасында салауатты өмір салты бағдарламаларын қолдау және дамыту. Әлеуметтік бейімделу және көмек көрсету бағдарламалары арқылы студенттерге қолдау көрсету, жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету. Студенттердің өзін-өзі басқаруын дамыту.

Салааралық ынтымақтастық

Экологиялық тұрақты шешімдерді әзірлеу үшін уәкілетті органдарды, ұйымдарды, кәсіпорындарды және қоғамдық ұйымдарды қамтитын белсенді сектораралық ынтымақтастық:

- ресурстарды ұтымды пайдалану бағдарламаларын жүзеге асыру;
- инфрақұрылымдық жобаларда энергия тиімді технологияларды пайдалану;
- экологиялық білім беру мәселелерін білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы салааралық ынтымақтастықтың синергетикалық әсеріне қол жеткізу.

Бұл Саясат білім берудің, ғылымның, клиникалық көмектің, сектораралық өзара іс-қимыл мен әлеуметтік қолдаудың сапасын арттыруға ықпал ететін тұрақты даму жүйесін қалыптастыруға университеттің стратегиялық көзқарасын көрсетеді.

Университет тұрақтылық пен жауапкершілікті ұстанатын медициналық білім, ғылым және клиникалық тәжірибедегі ұлттық көшбасшы ретінде өз миссиясын жалғастырады.

Университет тұрақтылыққа деген ұмтылысын растайды және инвестициялық қызметте экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті көтеретін озық тәжірибелерді енгізуге ниетті.